Өскемендегі өзгерістер: жолдар жөнделіп, демалыс аумақтары абаттандырылуда

Ержан ӘБІШ
Махаббат АХМЕТЖАНОВА

Шығыстың жүрегі саналатын Өскемен күннен-күнге көркейіп, заманауи келбетке ие болып келеді. Қалада жаңа демалыс аймақтары салынып, қоғамдық кеңістіктер жаңартылып, аулалар мен көшелер абаттандырылуда. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Өскемен қаласы әкімінің орынбасары Абзал Мәулетханов биыл атқарылған және жоспарланған абаттандыру жұмыстары туралы кеңінен баяндады.

ЕРТІС КӨПІРІНІҢ МАҢЫ ЕРЕКШЕ КЕЙІПКЕ ЕНБЕК

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы мен қалалық бюджеттік бастамалар аясында биыл аулаларды абаттандыруға, балалар мен спорт алаңдарын орнатуға 1 млрд 138,5 млн теңге бөлінді. Жөндеу тізіміне 40 аумақ енді. Соның ішінде 16 ауланың аумағы кешенді түрде абаттандырылып, 16 балалар алаңы, 9 спорттық алаң орнатылды.

Қазіргі кезде 37 нысанда жұмыс жүріп жатыр: 17 шағын архитектуралық форма орнатылды, бетон негізі дайындалып, 3 мың шаршы метрден астам брусчатка төселді. Жалпы ауданы 5 мың шаршы метр болатын сегіз футбол алаңына арналған негіз әзірленді.

– Аула ішіндегі жолдарды жөндеуге және автотұрақ орындарын кеңейтуге қосымша 400 млн теңге бөлінді. Бұл қаражатқа қалада 37 мың шаршы метр асфальт жабындысы жаңартылады, соның 17 мың шаршы метрі атқарылып қойды. Тұрғындар өтінімдері бойынша жолдарға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр, – деді Абзал Мәулетханов.

Қоғамдық кеңістіктер де жаңарып келеді. Жеңіс даңғылы мен Сәтпаев көшесінің бойындағы ғимараттардың қасбеттеріне сәндік жарықтандыру орнату аяқталды. Филармония (Орталық мәдениет үйі) жанындағы сквердe төсеу жұмыстарының 86%-ы орындалып, фонтан, жарықтандыру, суару жүйесі орнатылып, көгалдандыру жүргізілді. Қазақстан көшесіндегі «Микен» дүкені маңында плитка төсеу мен абаттандыру элементтерін орнату аяқталуға жақын. Ертіс жағалауында заманауи қоғамдық кеңістік – баскетбол алаңы, скейт-парк, мурал және демалыс аймақтары бар кешен салынуда.

Қалада жол жөндеу жұмыстары да жүріп жатыр. Биыл орташа жөндеу 35 учаскені қамтиды. Бұл мақсатқа 3,86 млрд теңге бөлінді. Қазіргі кезде 23 учаскеде жұмыстар толық аяқталды, үшеуінде соңғы кезеңге жеткен, ал сегізінде келесі аптада басталмақ.

Сонымен қатар 46 шақырым жоспарланған қиыршықтас жолының 29 шақырымы жөнделіп бітті.

Жаңа тротуарлар да төселуде. 9,6 шақырым тротуардың 2,4 шақырымы жаңартылды.

Көше жарығына да баса мән берілуде. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша жеті учаскеге жарық тартылды, есептік кездесулер нәтижесінде тағы 30 нысан жоспарға алынды. Депутаттардың тапсырмасы бойынша үш аумақта жарық орнатылады. Сонымен қатар мектептерге апаратын жолдарда да жарық жүргізілмек.

АРНАЙЫ ТІЗІМ ЖАСАЛДЫ

Өскемен қаласында соңғы жылдары абаттандырылған қоғамдық кеңістіктердің бірқатары қазір жөндеуді қажет етеді. Қалалық әкімдік бұл орындардың барлығы бақылауда екенін айтып, бюджеттен қаражат бөлінуіне қарай қалпына келтіру жұмыстары жүргізілетінін мәлімдеді.

Мәселен, Назарбаев даңғылы, 77 мекенжайындағы бұрын бос жатқан аумақта салынған сквер кезінде балалар мен ересектерге арналған демалыс аймағына, спорттық алаң мен «Шаңырақ» атты сәулеттік нысанға айналған болатын. 2020 жылы бұл орын қала тұрғындарына ресми түрде таныстырылған еді.

Алайда бірнеше жыл белсенді пайдаланылған соң мұндағы шағын сәулеттік формалар мен жабдықтардың көркі қашып, кейбір бөліктері істен шыққан. Қоршаулар қисайып, ал «Шаңырақ» мүсіні тот басқан. Жаңа орын қазір бейберекет қолдану мен уақыттың әсерінен тозған, көңіл қынжылтарлық көрініске айналды.

Қалалық әкімдіктің мәлімдеуінше, бұл жағдай назардан тыс қалмаған. Қала әкімінің орынбасары Абзал Мәулетхановтың айтуынша, аталған сквердi жөндеуге қажетті сметалық құжаттама дайын. Былтыр мұнда жарықтандыру жүйесі жаңартылған, ал биыл абаттандыру жұмыстары жүргізіледі.

– Соңғы жылдары қаламызда салынған көптеген қоғамдық орындар ағымдағы жөндеуді қажет етеді. Бірақ бюджет шектеулі болғандықтан, біз арнайы тізім жасап, қандай нысанды бірінші кезекте жөндеу қажет екенін жоспарлап отырмыз, – деді Абзал Мәулетханов.

Оның айтуынша, жаңадан салынған сквелер мен алаңдарды кепілдік мерзімі аясында құрылыс мердігерлері өз есебінен қалпына келтіріп отырады. Мысалы, Шәкәрім даңғылы, 183 үй маңындағы сквелер орнатылған әткеншектер жоғалып кеткен.

– Өкінішке қарай, жаңа ойын алаңдарын орнатқаннан кейін бір жылдың ішінде кейбір элементтер жарамсыз болып қалады. Бұл тұрғындардың салақ қарауының салдары. Сол әткеншектер де солай жоғалды. Қазір олар алынып, орнына берік шынжырлармен жабдықталған әткеншектер орнатылады, – деді қала әкімінің орынбасары.

Өскемендегі демалыс орындары – тек сән-салтанат емес, қала мәдениетінің айнасы. Қоғамдық кеңістіктердің тозуы тек уақыттың емес, тұрғындардың жауапсыздығының да салдары екенін ұмытпаған жөн. Әкімдік бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі жалғастыруға ниетті, ал тұрғындардан тек ұқыптылық талап етіледі. Себебі ортақ игілік ортақ жауапкершіліктен басталады.

ШЕШЕКТЕГІ ҚҰРЫЛЫС ТАМЫЗДА АЯҚТАЛМАҚ

Самар тас жолының бойында орналасқан Шешек асуында жаңа демалыс аймағының құрылысы аяқталуға жақын. Жаңа рекреациялық кешен қала тұрғындары үшін жайлы серуен аймағына айналып қана қоймай, туристер үшін де тартымды нысан болмақ.

– Шешекте ешқандай абаттандыру жоқ, бірақ адамдар көп жүреді. Ескі асфальт жолмен серуендейді. Сол себепті бұл аумақты қала тұрғындары үшін ыңғайлы ету жөнінде шешім қабылдадық, – деген еді қала әкімі Алмат Ақышов биылғы сәуір айында өткен брифингте.

Сол уақыттан бастап асуда құрылыс жұмыстары басталған.

Қазір аталған демалыс орнының құрылысы аяқталу сатысында тұр. Абзал Мәулетхановтың айтуынша, аумақта автотұрақтар, мангал алаңдары мен жаяу жүргіншілер жолы салынған. Сонымен қатар екі шатыр мен 40 дана қоқыс жәшігі бар орындықтар орнатылған. Қазір воркаут аймағы мен шолу алаңын салу жұмыстары аяқталуға жақын. Бұған қоса, бір модульді

дәретхана, ағаштан жасалған әжетханалар, балалар алаңы және қоқыс контейнерлері орнатылады.

– Жұмыстарды осы айдың соңына дейін немесе тамыздың бірінші жартысында аяқтауды жоспарлап отырмыз, – деді әкім орынбасары.

Шешек – қала маңындағы ең танымал демалыс орындарының бірі. Мұнда тек өскемендіктер емес, жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындары да жиі келеді. Табиғи аймақты баршаға қолжетімді, ыңғайлы әрі қауіпсіз қоғамдық орынға айналдыру аса маңызды.

«КОТЛОВАН» ЖАҒАЖАЙҒА АЙНАЛАДЫ

Қазіргі кезде Өскемендегі «Бейметалл материалдар комбинаты» серіктестігінің маңындағы Ертіс өзенінің бір тармағы (халық арасында «Земснаряд котлованы» деп те аталады) ресми жағажайлар тізіміне енбеген. Себебі құжаттар әлі заңдастырылып жатыр.

Бұл аумақта ТЖД қызметкерлері кезекшілік атқарып, шомылуға рұқсат етілмеген су айдынында демалудың қауіпті екенін ескертіп жүр. Соған қарамастан, жыл сайын тұрғындар дәл осы жерде суға түсіп, демалады. Өйткені котлован – қала аумағындағы жалғыз ірі су қоймасы. Онда ағыс әлсіз, су жақсы жылынады және жағасы жайлы.

Өңір басшылығы жағдайға шынайы көзқараспен қарап, шектеу емес, қауіпсіз әрі жайлы жағдай жасауды жөн көрді. Осыған орай, демалушылар үшін инфрақұрылым орнату – яғни, дәретхана, душ, киім ауыстыру бөлмелері, қоқыс жәшіктері мен автотұрақтар салу туралы шешім қабылданған.

Көктемде абаттандыру жұмыстары басталып, қазір жол жөнделіп, автотұрақ, жағажай аумағы толықтай жасақталған. Алайда бұл өзгерістерге қарамастан, шомылуға ресми түрде әлі рұқсат жоқ.

– Қазір біз котловандарға «қала жағажайы» мәртебесін беру үшін рұқсат құжаттарын рәсімдеп жатырмыз. Әзірге бұл аумақта шомылуға рұқсат етілмеген. Бірақ халықты тоқтату мүмкін емес, сондықтан ТЖД қызметкерлері тәулік бойы кезекшілік атқаруда. Олар демалушыларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді, – деді Абзал Мәулетханов.

Қазіргі кезде су түбі мен жағалау зерттеліп, су сапасы сараптамадан өткізіліп жатыр. Рұқсат беретін құжаттар осы айдың соңына дейін дайын болады деп жоспарлауда. Жағажай аумағын толық абаттандыру жұмыстары да тамызда аяқталады.

КОМЕНДАНТКА СКВЕРІ АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ

Абзал Мәулетханов көпшілік сүйіп баратын демалыс орнында жөндеу жұмыстарының қашан қайта басталатыны туралы айтып берді.

Комендантқадағы сквер – қаладағы танымал демалыс орындарының бірі. Өткен жылы бұрынғы өзен арнасының аумағы ішінара абаттандырылғанымен, бірқатар аймақтар әлі де жөндеуді қажет етеді.

Абзал Мәулетхановтың айтуынша, жұмыстарды жалғастыру жоспарда бар, жобалық-сметалық құжаттама дайын. Алайда нақты қашан басталатыны әзірге белгісіз.

– Барлығы бюджет қаражатына байланысты. Егер қаржы бөлінсе, биыл жасап үлгереміз. Егер бөлінбесе, келесі жылға қалады, – деді ол.

Бұған қоса, бұған дейін жергілікті билік Комендантка арқылы өтетін көпірді қайта жаңғырту жоспары туралы да хабарлаған болатын. Қазіргі өткел тым тар және көлік ағынының қазіргі көлеміне сәйкес келмейді. Соның салдарынан Назарбаев даңғылында жиі кептеліс туындайды.

– Жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Келесі айда сараптама өткіземіз. Соның қорытындысы бойынша нақты мерзімі мен сомасы белгілі болады, – деп толықтырды қала әкімінің орынбасары.

Тағы бір жағымды жаңалық – Астана көшесінің бойындағы Үлбі өзенінің жағалауында санитарлық-гигиеналық торап орнатылады. Өткен жылы тамызда ашылған жаңа жағалау тұрғындардың сүйікті серуендеу орнына айналғанымен, мұнда дәретхананың болмауы жергілікті халықтың наразылығын туғызған.

– Қазіргі кезде мердігер компаниямен дәретхана орнату туралы келісім бар. Ол 1 тамызға дейін орнатылады, – деді Абзал Мәулетханов.